Ендеше бері қараңыз! Күнделікті БАҚ беттері мен теле ақпараттарында, әртүрлі жиналыстар мен отырыстарда, екеуара әңгімелерде көңілге сыймайтын сөз және сөз тіркестері жиі кездеседі. Соның бірі мынадай, «дәрігерлер ем-дом жасады» дейді. Сондағы «ем-дом» нені білдіреді? «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» аталатын ауқымды ғылыми еңбек мұның дұрыс жауабын береді. «Ем және ем-дом» зат есімдерінің әрқайсысының мәні мен мағынасы айқын, әрқайсының өзіндік төркіні бар. Мәселен, «ем» дегеніміз әртүрлі ауруларға қарсы қолданылатын дәрігерлік амал. Ем жасау – жоғары дәрежелі медициналық біліммен қаруланған маманның міндеті, яғни қызметі екені белгілі. Олар сырқаттарға емдік дәрі-дәрмектерді ұсынады. Күллі емдеу амалдарын медицина ғылымының жетістіктері негізінде атқарады. Медициналық қызмет мемлекет қамқорлығында.

«Ем-дом» дегеніңіз ұшықтау, үшкіру, аластау, тағы басқа ғылым мойындамаған, тозығы жеткен, ескірген амал. Мұнымен кейіннен тәуіптер, бақсы-балгерлер, өздерін көріпкел, әулие санайтындар әуес. Олардың көпшілігін, тіпті негізгі бөлігінің білім деңгейі мен тәлімі қолдануға жарамсыз. Ем-домшылар сырқат адамға дәрі-дәрмек жөнінен кеңес бере алмайды. Шұғыл ота жасау, рентген жөнінде, қан қысымын өлшеу, лабораториялық сараптар тағы басқа туралы не айтар екен?

Ем-домшылардың сырқат адамды ауруханаға орналастыруына құзіреті жоқ. Уақытша емдеуде жатқандарға жақындай алмайды. Дені сау азаматтарға шипажайларға, спорт бәсекелеріне тағы басқа бұқаралық-сауықтыру шараларына кепілдік анықтамалар беру ісінде мүлдем қажеті жоқ. Қорыта айтқанда, ем-домшылар «өздерінің» дәрменсіз екендігін білсе де, «тисе-терекке, тимесе-бұтаққа», – деп қайқаңдап жүре береді. Мінекей, ем-домшылардың тірлігі. Олай болса, «ем және ем-дом» деген мәселеге түсініспікпен мән беріп, осы екеуінің негізгісі – емді игілікті мақсаттарға пайдалануға көңіл бөлу, ғылымға арқа сүйеу пайдалы және қажет дейміз. Дәрігерлік ем бойымызға дем берсін. Ал, ем-домшылар «ем және ем-дом» төңірегінде ойланар.

Болат БИСҰЛТАНҰЛЫ,
зейнеткер.
Қазақстан журналистер одағының мүшесі.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

ШАРА

ШЕКАРАШЫЛАР ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ

СӘУІР АЙЫНДА ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІНЕ ҚАРАСТЫ ПАНФИЛОВ АУДАНЫ БОЙЫНША ШЕКАРА БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 100 ЖЫЛ ТОЛАДЫ. МЕРЕЙТОЙҒА АРНАЛҒАН КЕШЕНДІ ШАРА БІРНЕШЕ КЕЗЕҢНЕН ТҰРАДЫ.

Солардың бірі – ғылыми-практикалық конференция. Аталған шара Алматы қаласы бойынша Генералдар кеңесі отставкадағы генерал-майор Ш.Өтеповтің, отставкадағы генерал-майор Н.Асыловтың, ҚР ҰҚК ШҚ Жетісу және Алматы облыстары бойынша департаменттерінің, Алматы қаласы, Алматы және Жетісу облыстары бойынша «Застава тарландары» республикалық-қоғамдық бірлестігі филиалдар кеңесінің белсенді атсалысуымен ұйымдастырылды. Әскери ғылыммен айналысып жүрген офицерлер құрамы тарихын Жаркент шекара отрядынан алатын шекара басқармасының маңызды кезеңдері туралы баяндама жасады. Олардың қатарында Генералдар кеңесі төралқасының төрағасы ҚР Заң қызметінің ардагері, полковник Ө.Боранғазиев, әскери ғылымдар кандидаты, профессор, полковник А.Мартикян, әскери ғылымдар кандидаты, профессор, полковник В.Ващенко, Жетісу облысы ардагерлер кеңесінің төрағасы, Панфилов ауданының бұрынғы әкімі, ҚР екі шақырылым Парламент Мәжілісінің депутаты Е.Келемсейіттер бар.

Өз кезегінде ғылыми-практикалық конференцияның басы-қасында жүрген генерал-майор Шынтас Өтепов сөз алып, толғамды ойымен бөлісті. *«Ұйымдастырылып отырған ғылыми-практикалық конференция тарихы тереңде жатқан шекарашылар туралы алда өтетін көлемді шаралардың бастамасы ғана. Келешекте 100 жылдық мерейтойға арналған жергілікті тұрғындармен кездесулер мен концерттік бағдарламалар Талдықорған, Жаркент қалаларында жалғасатын болады»,* – деді ол.

Мұнан кейін баяндамашылар Жаркент шекара отряды туралы тың деректер айтып, шараға қатысушылардың сұрақтарына жауап берді. Конференция соңы естелік суретке түсумен аяқталды.

ғылымдарының кандидаты, генерал-лейтенант Б.Сарсеков, әскери ғылымдары мен әлеуметтану ғылымдарының докторы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор, генерал-майор Н.Асылов, Панфилов ауданы бойынша шекара басқарма бастығы подполковник Б.Бұзаушиев, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, подполковник Н.Кудро, ғылым кандидаты, Шекара

ҚР ҰҚК ШҚ Жетісу облысы бойынша департаменті.

ӘСКЕРИ ӨМІР

48386 ӘСКЕРИ БӨЛІМІНІҢ ЖЕКЕ ҚҰРАМЫМЕН ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛДІ.

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛДІ

Кездесуде ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Жетісу облысы бойынша Департаменті превенция басқармасының аға офицері Бауыржан Бегімбек сыбайлас жемқорлыққа қарсы новеллалар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданып жатқан шараларды түсіндірді.

Антикор өкілі тыңдаушылардың назарын қоғамның «тұрмыстық» сыбайлас жемқорлық, бюджеттік процестер мен сатып алулардың ашықтығы, экономикаға мемлекеттік қатысудың жоғары деңгейі, әкімшілік кедергілер, дискрециялық нормалар, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін түсінікті түсіндірудің болмауы, соттар мен құқық қорғау органдарындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері және т.б. сияқты ағымдағы проблемаларына аударды.

Шара барысында қатысушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы бейнероликтер көрсетілді. Сондай-ақ, Агенттіктің 1424 колл-орталығының жұмысы түсіндірілді, оның негізгі міндеті сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша азаматтарға тегін консультациялық қолдау көрсету және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы телефон хабарламаларын қабылдау болып табылатынын жеткізді.

Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КЕЛБЕТ

ҒИБРАТТЫ

Әдетте нотариус деген кезде белгілі бір ресми қағазды заңдастырып қана беретін, құжатқа қатысты қасаң сұрақтар қоятын ресми тұлға көз алдымызға келеді. Сондай қажет болған кезде ғана баратын сирек мамандық иелері жайындағы түсінігіміз әдетте одан арыға тереңдей қоймайды. Мұндай түсінігіміздің біршама өзгеруіне Жетісу облыстық нотариалдық палатасының ұйымдастыруымен өткен шығармашылық байқау себеп болған еді.

Ардагерлер үйі қызметкерлерінің қолқалауымен аталған байқауға біз де қатысқанбыз. Аталған шараға дайындық барысында нотариус деп аталатын мамандық иелерінің автоматты түрде құжат толтырумен ғана айналыспайтынына, олардың өмірдің әр саласынан жақсы хабардар білікті заңгер, жауапкершіліктері жоғары маман екендіктеріне көз жеткіздік. Сала мамандарымен пікірлесу бұл орайдағы түсінігімізді біршама кеңейте түскендей еді. Соған орай жазған мақаламыз сапасының жоғары бағаланып, жүлдегерлер қатарына ілінгенімізді де айта кетейік.

Әйтсе де негізгі айтпағымыз жүлдегер атанғанымызды әйгілеу емес еді. Облыстық нотариалдық палатаның сол жолғы шарасы ұйымдастырушылық жағынан жоғары деңгейде өткен болатын. Жиынның ресми бөлігін де жүргізіп отырған, шығармашылық адамдарын марапаттау жағын да кереметтей үйлестіріп, жиналғандардың назарын толықтай өзіне аударып алған төрағаның өз ортасында аса беделді азамат екендігі бірден байқалды. Әр тұжырымы мен ой-пікірі байыпты, пайым-парасаты да мол бұл азамат – Арман Бекішбаевпен кейін жақын танысудың сәті түсті.

Бедел биігінде

Маманның жұмыс тәжірибесі мен әріптестер арасындағы абырой-беделі жылдар өте жинақталатын баға жетпес қазына десек, ешбір асырып айтқандық бола қоймайды. Арман Сейітжапарұлы да өз ортасындағы қадір-құрметін қаншама жылдар бедерінде қалыптастырып, жинақтады. Маманның бұл орайдағы ғұмырбаян жылнамасы Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңы шыққан 1997 жылдан басталады.

– *Автотранспорт саласында еңбек етіп жүрген кезімде саланы Ермек Есбатыров дейтін беделді азамат басқаратын еді. Нотариалдық қызметпен айналысуыма сол азамат себепкер болды,* – деп сөз бастаған Арекеңнің әңгімесі тереңге тамыр жайды. – *Ол кезде «Автостансылардың автовокзалдық бірлестігі» деген мекемені басқаратынмын. Осы жұмысты тәп-тәуір атқарып жүргенімде облыс әкімінің «Сіздің мекемеңіз таратылады» деген шешімі қолға тиді. «Басқа мекемелердей емес, ешкімге салмақ салмай пайдамен жұмыс істеп тұрған бірлестік. Неге таратылуы тиіс?», – деп шат-шәлекей болдым да қалдым. Қалайда өз тұжырымымның дұрыстығын дәлелдеуге тырыстым. Бірақ, биліктің аты билік, ондай құлшынысымнан ештеңе шықпады. Сөйтіп көңіл күйім түсіп жүргенімде Ермек Есбатырұлына кіріп шықтым.*

– *Талай қиындықты көрсең де шешімін тауып, сан түрлі өткелектен өткен адамсың ғой. Бұл жолы да жығылмай тұрып кетесің. Мойыма,* – деген ол *қолындағы «Казахстанская правда» газетін көрсетті. Басылымның сол күнгі санына жоғарыда аталған «Нотариат туралы» Заңның толық мәтіні басылған екен. – Сенің заңгерлік білімің бар емес пе? Ұйымдастыру жағы да қолыңнан келеді. Тәуекел деп нотариус кеңсесін ашуға кіріс!*

«Бұрын істеп көрмеген кәсібім, қалай болар екен?», – деп біраз тартыншақтағаныммен соңынан тәуекел деп іске кірісіп кеттім. Сөйтіп 1998 жылы Алматы облысы бойынша алғашқылардың бірі болып жеке нотариат аштым.

Иә, содан бері де ширек ғасырдан астам уақыт зыр етіп өте шығыпты. Арман Сейітжапарұлы осы уақыт аралығында жаңа мамандығын меңгеру, қалыптасу, толысу кезеңдерін бастан өткерді.

Жасыратыны жоқ, жаңа жұмысында байқамай қателесіп сүрініп кеткен кездері де кездесті. Бірақ өз пайдасын ойлап біреуге қиянат жасаған кезі болған жоқ, қашанда мамандығына адалдығын танытып, ар-ұятын жоғары қойып жүрді. Соған орай бірте-бірте тәжірибе жинақтап, үздіксіз ізденісінің, білсем, үйренсем деген талпыныс, құлшынысының арқасында өз ісінің білікті маманына, уақыт өте келе жас әріптестерінің тәжірибелі тәлімгеріне айналды. Соған орай кезінде Алматы облысы нотариалдық палатасының қоғамдық өміріне де белсене араласып, жиырма жылдан астам уақыт бойы басқарма мүшесі болды. Осы жылдар ішінде нотариустер беделін нығайтып, көпшілік арасында олар жайында оң пікір қалыптастыруға өзіндік үлкен үлесін қоса білді.

Арман Сейітжапарұлы республика Нотариалдық палатасының жұмысына да белсене араласты. Бір жолы ел деңгейінде өткен нотариустер съезінің төрағалығына сайланып, жиын жұмысын талап деңгейінде жүргізсе, бірнеше рет нотариустердің республикалық спартакиадасына қатысып, саламатты өмір салтын берік ұстанатынын көрсетті.

Облыс бөлініп, Жетісу облысында нотариалдық палатаның төрағасын сайлау қажеттігі туғанда да «Кімді сайлаймыз?» деген мәселе туындаған жоқ. Жаңа облыс нотариустері Арман Сейітжапарұлы Бекішбаевты бірауыздан нотариалдық палатаның төрағалығына сайлады.

Абыройлы азамат бұл кезеңде де өзін білікті маман,

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КЕЛБЕТ

ҒҰМЫР

ұйымдастырушылық қабілеті жоғары кәсіби басшы ретінде танытты. Биік беделі мен кішіпейіл мінезінің, білім-біліктілігінің арқасында 115 нотариустен тұратын үлкен ұжымның ұйымшылдығын арттырып, дәйім жақсы істерге жұмылдыра білді. Өмірлік мол тәжірибесінің арқасында жұмыс барысында туындаған кейбір жеңіл-желпі түсінбеушіліктерді де, өмір болған соң болмай тұрмайтын күрделі мәселелерді де дер кезінде шешіп, бәрін реттеп отырады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, нотариустерге қойылатын талап қай кезде де жоғары. Білікті маман болумен қатар олардың келушілерді қабылдайтын кеңселері де талапқа сай жабдықталуы, жұмыстары қамсыздандырылуы тиіс. Мұның бәрін әділет органдары тексеріп, бақылап отырады. Арман Сейітжапарұлы болса, өз жұмысын нақ осы мәселелерді реттеуден бастап, төрағалыққа сайлана салысымен барлық нотариалдық кеңселерді аралап шықты. Әріптестерінің кейбір олқы тұстарын көрсетіп, ағалық ақыл-кеңесін айтты, кемшілікке кеңшілік болмайтынын айтып қатаң талап қойды.

Палатаның негізгі жұмысы нотариустердің құқығын қорғау болса, бұл жұмыс та назардан қалып көрген емес. Құқықорғау органдарының немесе министрліктің нотариустің лицензиясының күшін 6 ай мерзімге тоқтатып немесе біржолата алып қоятын кездері де болады. Арекең басқаратын палата қажет болған кезде бұл мәселеге де араласып, лицензия күшінің не себепті тоқтатылғанын, оның қаншалықты заңдылығын анықтауға күш салады.

– *Соңғы кездері бір әріптесімізді осындай бір әділетсіздіктен сот арқылы арашалап қалдық. Оның лицензиясының күші 6 ай мерзімге тоқтатылған болатын,* – деген төрағаның дауысынан мақтаныш лебі де сезіліп қалғандай. Несі бар, нағыз қажет болған кезде әріптестің тағдырына араласу мақтанатындай-ақ мәселе.

Нотариалдық палата әріптестердің білім-біліктілігін арттырумен де айналысады. Осы мақсатпен әр тоқсан сайын семинар-кеңестер ұйымдастырылып, тәжірибе алмасады. Ондай кеңестер барысында бүгінгі күннің өзекті деген мәселелерінің тақырыбы білікті нотариустерге жүктеліп, мазмұнды баяндама дайындалады. «Мынадай заңсыздыққа бармау керек, мына жағдайда былай істеу керек» дегендей ақыл-кеңес, ұсыныстар әңгіме өзегіне айналады. Жаңадан қабылданып жатқан Заңдар мен нормативтік актілер де нотариустер назарына жеткізіледі.

– *Өмір болған соң неше түрлі жағдайлар орын алып жатады. Кейбір алаяқтардың замандастарымыздың, көп ретте жалғызілікті қарт адамдардың сенімдеріне кіріп, үй-жайларын иемденіп кетуге тырысатындықтары да жасырын емес. Біз құжат рәсімдегенде осындай алаяқтықтарға жол бермеуге тырысып, әрбір келісімшарттың ешкімнің күш-теуінсіз, өз ықтиярларымен жасалып отырғанына көз жеткізуге күш саламыз. Осы мақсатпен ұзақ өмір сүру орталығына баратын қарттарға, мүгедектер мен зағип, құлағы естімейтін жандарға тегін ақыл-кеңес беріп тұрамыз. Зейнеткерлер мен мүгедектерге, көпбалалы аналарға жеңілдікпен қызмет көрсету жайы да қарастырылған. Өткен жылы бәрін қосқанда 6 млрд. теңгеге жеңілдік жасаған екенбіз,* – деген Арман Сейітжапарұлы бүгінде жылжымайтын мүлікті арзан бағамен тіркеп береміз деп қызықтырып жүргендердің бар екенін, олардың қайткен күнде де нотариустердің қызметін толыққанды алмастыра алмайтынын айтып, қынжылысын білдірді. Білікті маманның *«Жылжымайтын мүлікке қатысты әлдебір дау-дамай туындай қалса, нотариус өзі куәландырған әр құжатына жауап береді. Ал мына құжат жасап жүргендер дәйім алмасып жатады, ертең жаңағыдай жағдай туындай қалса оларды таппай да қалуың мүмкін ғой...»,* – деген ренішін түсінуге де болатындай.

Бел-белестер

Биылғы жылы 75 дейтін мерейлі жасқа толатын Арекең Ресейдің Коми АССР-індегі Ухта қаласында 1949 жылы дүниеге келіпті. Әйтсе де қиыр шетте көп уақыт бола қоймаған. Қызмет бабымен сол жақта жұмыс істеген әкесі Сейітжапар баласы 4-5 жасқа келгенде өзінің туып-өскен Шығыс Қазақстан өңіріне, сондағы Бастаушы деген ауылға қайта оралыпты.

Бала Арманның өмірінің ең бір қызықты да қиын шақтары осы ауылда өткен. Қызықты дейтін тұжырым өз-өзінен түсінікті, қалай десек те балалық шақтың әрбір сәті естен кетпейтіндей әсерлі емес пе? Ал қиын дейтініміз, әкесі ертерек қайтыс болып, өзінен кейінгі 3 інісінің қамын ерте ойлауға тура келген. Сол себепті мектеп бітіргеннен кейін оқу іздемей бірден кеңшарға тракторшы болып орналасады. Сөйтіп екі жыл бойы анасына қолғанат болып, тіршілігінің бір жағына шығысады.

Ол кезде жігіт адамға әскерге бармай қалу деген намысқа тиетін жайт болатын. Отбасы жағдайымен әскерге бірден алына қоймаған жасөспірім Арман да аудандық әскери комиссариатқа қайта-қайта барып жүріп дегеніне жетеді. Сөйтіп Солтүстік флоттың жағалаудағы әскерлерінде жүргізуші болып бірнеше жылын өткізеді.

Әскерге бармай тұрып ДОСААФ-тан жүргізуші куәлігін алған Арман сол кезде осы автотранспорт саласымен өмірінің бір бөлігін байланыстырамын деп ойламаған да шығар. Бірақ өмірде кездейсоқтық дегеннің де жайдан-жай бола бермейтіні анық қой. Қалай дегенмен де жас жігіттің бұдан кейінгі өмір, еңбек жолдары Талдықорған қаласында қатардағы милиция қызметкері, содан кейінгі жерде жолаушылар тасымалдайтын автотранспорт өндірістік басқармасының бөлім инженері, заң кеңесшісі, кадр бөлімінің бастығы, аға заң кеңесшісі, орталық диспетчерлік қызметтің бөлім бастығы лауазымдарында өрілді. Жұмыс істей жүріп жоғары заңгерлік білім алған оны қызмет баспалдақтары орталық диспетчерлік қызметтің бастығы, бөлім бастығының орынбасары лауазымдарына көтерді. Жұмысты ұйымдастыра білетін білім-біліктілігі ескеріліп уақыт өте келе өндірістік бірлестік кәсіподақ комитетінің төрағасы, облыстық автомобиль транспорты қызметкерлері кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметіне сайланды. Үштөбе автотранспорт кәсіпорнының бастығы қызметін атқарған жылдары (1994-1997 жж.) атқарған жемісті жұмысын өз алдына бөліп айтуға болады.

Арман Сейітжапарұлы өмірінің осы бір кезеңінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен үлесін қосты. Нақтырақ айтатын болсақ, осы кезеңде Талдықорған қаласының өнеркәсіп объектілері мен тұрғын үй алқаптарын қала орталығымен байланыстыратын әлденеше автобус маршруттары ашылып, автотранспорт жүйесіндегі ең бір өзекті деген әлеуметтік проблемаларды шешуге ықпал ететін жаңашылдық идеялар ұсынды. Сала қызметкерлерінің нақты табыстарын арттыруға бағытталған шаралар қабылданып, кәсіпорын әкімшілігі мен кәсіподақ ұйымдарының арасындағы ұжымдық келісімшарт талаптарының сақталуына жанды ықпал жасалынды. Үштөбе автотранспорт кәсіпорны осы кезеңде Талдықорған облысы бойынша жүк тасымалдарын табысты қамтамасыз етіп, кідіріссіз жұмыс істеп тұрды.

Талдықорған қаласының Еркін ауылдық округі бойынша депутат болып сайланған жылдары да ауыл ішінде автобустардың қатынап, жолдарының асфальтталуына, көше жарықтарының жасалуына ықпал еткен Арман Сейітжапарұлы көпшілік көңілінен шыға білді. Сайлаушыларымен жиі кездесіп, атқарылған жұмыстары жайында жүйелі есеп беріп тұрды. «Сайраған ізім жатыр жер бетінде» деп Қасым ақын жырлағандай, Талдықорған өңірінде Арекеңнің атқарған жақсы істерінің де ізі осылайша сайрап жатыр деуге болады.

Нотариустер династиясы

Сыр-сұхбатымыздың соңына таман Арекеңнің отбасы жайында әңгіме қозғадық. «*Биылғы қыркүйекте зайыбым екеуміздің қосылғанымызға 50 жыл болады. Сол қыркүйекте өзім де 75-ке толамын. Бұйыртса, бұл қосарланған үлкен қуаныш болайын деп тұр*», – деген Арекең жымиып қойып ұлдары мен қызы жайында айтып өтті. Бүгінде өмірден өз орындарын тауып отырған ұрпағынан көрген немерелері жайында да өзгеше сүйінішпен әңгімеледі.

Ең бір қызығы, Арман Сейітжапарұлының екі ұлы Ерлан Бекішбаев пен Абзал Арманов, қызы Әлима Асылбекова да нотариус мамандығын меңгерген болып шықты. Үшеуі де әкенің талабымен емес, өз жандарының қалауымен осы мамандықты таңдаған. «Әке көрген оқ жонар» деген халық мақалы да өмірдегі осындай бір жайттарға қарап шығарылған болар-ау деп ойлаймыз. *«Үлкен ұлдан көрген немеремнің де нотариус болып қалуы ықтимал. Ол да заңгерлікке оқып, әкесіне көмекші болып жүр»,* – деген Арекең жұртшылыққа аса қажет осынау мамандығын айрықша мақтан ететінін де байқатып қалды. Иә, білікті маман, кәсіби нотариустің өз мамандығын мақтаныш ететіндей жөні де бар-ау.

«Таңертең жұмысына, ал кешкісін үйіне асығып тұратын жандар бақытты. Оларды өмірден өз орындарын тапқан адамдар деп есептеймін» деген екен бір ойшыл. Бұл жағынан алғанда Арман Сейітжапарұлын да бақытты жандардың қатарына қосуға болады. Ендеше ұлағатты қария, абзал азаматқа осы бақытыңыз баянды болсын деген ақ тілегімізді арнаймыз.

Нүсіпбай ӘБДІРАХЫМ,
Қазақстанның Құрметті журналисі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КРУГЛЫЙ СТОЛ

ГОРОДАМ НУЖЕН НЕ СТРОИТЕЛЬНЫЙ, А ГРАДОСТРОИТЕЛЬНЫЙ КОДЕКС

КАК ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ, 12 МАРТА НА ПЛОЩАДКЕ НИИ «АЛМАТЫГЕНПЛАН» СОСТОЯЛСЯ КРУГЛЫЙ СТОЛ НА ТЕМУ: «ПОСЛЕДНИЕ ИЗМЕНЕНИЯ В НОРМАТИВНО-ПРАВОВОЙ СФЕРЕ АРХИТЕКТУРНОЙ, ГРАДОСТРОИТЕЛЬНОЙ И СТРОИТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ». ЭКСПЕРТЫ ГРАДОСТРОИТЕЛЬНОЙ ОТРАСЛИ ОБСУДИЛИ ПРОБЕЛЫ БУДУЩЕГО СТРОИТЕЛЬНОГО КОДЕКСА.

Модератор круглого стола, президент Союза градостроителей Казахстана, архитектор Любовь Нысанбаева отметила, что в проекте кодекса нет задач и принципов градостроительной деятельности, связанной с обеспечением комплексного и устойчивого развития территории на основе территориального планирования, градостроительного зонирования и планировки территории. Т.е. документ в таком виде не обеспечивает сбалансированного учета экологических, экономических, социальных и иных факторов при осуществлении градостроительной деятельности.

«Блок градостроительства должен быть приоритетным - в кодексе необходимо расписать все принципы проектирования транспортной, социальной, инженерной структуры, приоритеты сохранения исторического наследия, зеленого каркаса, экологической и сейсмической безопасности, взаимодействия при проектировании и реализации проектов с общественностью, жителями населенных пунктов», - подчеркнула Любовь Нысанбаева.

Предлагаемый кодекс состоит из 8 разделов, 34 глав, 205 статей, объем составляет 187 страниц.

Напомним, 20 сентября 2023 года на портале открытых НПА завершились публичные обсуждения проекта Строительного кодекса. При этом, изменение наименование кодекса на «Строительный кодекс» сужает сферу его действия, поскольку термин «строительство» не охватывает область архитектуры и градостроительства, считают эксперты.

Между тем, 17 января 2024 года депутаты приняли в работу Строительный кодекс РК. Проект кодекса и сопутствующих законов направлен на установление прогрессивных и системных механизмов архитектуры и градостроительства, внедрение информационной системы е-курылыс, которая позволит в онлайн режиме контролировать все этапы строительства. Но, по мнению экспертов, кодекс нуждается в существенной доработке.

Как подчеркнула архитектор Надежда Текенова, Ст. 83 кодекса допускает строительство в рекреационных зонах объектов досугового назначения. Кроме того, согласно Ст. 11, в этих зонах можно размещать дачные, садовые и огородные участки. По мнению специалистов, это может привести к массовой застройке рекреационных зон, что пагубно отразится на природных ресурсах.

Директор Палаты предпринимателей г. Алматы, председатель постоянной комиссии по строительству, архитектуре, урбанистике и земельным отношениям Нурсултан Шоканов подчеркнул что (Строительный) Градостроительный кодекс является основой для развития и улучшения инфраструктуры и жизнедеятельности не только нашего города, но и затрагивает множество интересов общества и бизнеса.

«Кулуарность и закрытость разработчика документа в этом случае неуместна и требует полной переработки с привлечением профессионального сообщества, субъектов рынка и широкой общественности. Для эффективной работы градостроители, архитекторы, проектировщики, эксперты и строители страны нуждаются в четких алгоритмах и однозначных законах. Строительной отрасли Казахстана критически не хватает понятного регуляторного механизма, который стоял бы над сводом десятков действующих законов и подзаконных актов», - отметил Нурсултан Шоканов.

По словам спикера, когда в сентябре 2022 г. по поручению Президента страны началась разработка проекта Градостроительного Кодекса РК, участники градостроительной и строительной отраслей обрели определенную надежду, что будет разработан Кодекс, соответствующий лучшим мировым практикам.

«Но, в действительности, получили иной документ. Задача, поставленная Главой государства по переосмыслению существующего законодательства, анализа лучших мировых практик и разработке новых способов регулирования градостроительной деятельности МПС не выполнена. Проделанная работа над проектом Кодекса не реализует поручения Президента Казахстана по разработке «концептуально нового документа» Градостроительного кодекса», - добавил спикер.

Как подчеркивают эксперты, основные принципы законодательства о градостроительной деятельности и изданные в соответствии с ним нормативные правовые акты основываются на следующих принципах:

1) обеспечение комплексного и устойчивого развития территории на основе территориального планирования, градостроительного зонирования и планировки территории;

2) обеспечение сбалансированного учета экологических, экономических, социальных и иных факторов при осуществлении градостроительной деятельности;

3) обеспечение инвалидам условий для беспрепятственного доступа к объектам социального и иного назначения;

4) осуществление строительства на основе документов территориального планирования, правил землепользования и застройки и документации по планировке территории;

5) участие граждан и их объединений в осуществлении градостроительной деятельности, обеспечение свободы такого участия;

6) осуществление градостроительной деятельности с соблюдением требований технических регламентов;

7) осуществление градостроительной деятельности с соблюдением требований безопасности территорий, инженерно-технических требований, требований гражданской обороны, обеспечением предупреждения чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера, принятием мер по противодействию террористическим актам;

8) осуществление градостроительной деятельности с соблюдением требований охраны окружающей среды и экологической безопасности;

9) осуществление градостроительной деятельности с соблюдением требований сохранения объектов культурного наследия и особо охраняемых природных территорий.

По мнению, архитекторов, в целом, в нынешней редакции документу не хватает концептуальной цельности и структуры, ориентированной на комплексное и сбалансированное развитие территорий.

По завершении круглого стола принято решение составить письмо о необходимости приостановления рассмотрения Градостроительного кодекса в Мажилисе РК и его корректировке. Участники отметили, что в круг разработчиков необходимо включить более широкий круг специалистов, включая архитекторов, градостроителей и представителей общественности.

Ш. ХАМИТОВ.

КУЛЬТУРА СУДЕБНОГО ЗАСЕДАНИЯ

СОБЛЮДАТЬ ТРЕБОВАНИЙ ПРОЦЕССУАЛЬНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА

Соблюдение установленных в судебном заседании правил поведения играет важную роль в рассмотрении судом ваших исковых требований. Поэтому, в судебных заседаниях надо всегда подчиняться правилам общения в зале суда. Дождаться своей очереди, прежде чем говорить, избегать прерываний других участников и вступлений с ними в ненужные дискуссии. Не позволять себе использовать нецензурные слова или оскорбления в адрес кого-либо. Стараться выражать свои мысли вежливо и аргументированно.

Таким образом, порядок в судебном заседании достигается через точное соблюдение процессуальных норм, а также норм судебной этики всеми участниками (судом; лицами, участвующими в деле; иными участниками хозяйственного процесса). К общим условиям судебного разбирательства относится и определенный законом ритуал судебного заседания, которым обеспечивается уважение к суду и возможность благоприятного рассмотрения дела.

В этой связи, повышение культуры проведения судебных процессов является важным условием обеспечения эффективности правосудия и повышения имиджа судебной власти. Более того, актуальность данной темы заключается еще в том, что осуществление правосудия в точном соответствии с законом обеспечивает предупредительное и воспитательное воздействие судебных решений.

Кроме того, культура судебного процесса заключается в неуклонном соблюдении судьями и специалистами судов, лицами, участвующими в деле, а также иными участниками процесса требований процессуального и иного законодательства.

Немаловажное значение для повышения культуры судебных процессов имеет внешняя обстановка суда. Высокая культура судебного процесса требует хорошей, добросовестной подготовки к рассмотрению дела судей, прокурора, адвоката, глубокого знания ими дела. Одним из обязательных условий культуры судебных процессов является своевременное открытие судебного заседания, а также соблюдение времени перерывов и распорядка судебного заседания. В настоящее время введенная обязательная система аудио-, видеозаписи всего судебного разбирательства способствует обеспечению законности, объективности, а также порядка и дисциплины всех участников процесса.

Рассмотрение дел должно проводиться судами на основе точного соблюдения законности, в полном соответствии с процессуальным законодательством. Председательствующий по делу по делу призван обеспечивать лицам, участвующим в судебном заседании, возможность реального осуществления прав, предоставленных им законом, соблюдать нормы, гарантирующие равенство сторон.

Самал БЕКБОЛАТ,
ведущий специалист Талдыкорганского специализированного межрайонного суда по административным правонарушениям.

Бейсенбі - Четверг, 21 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.40 «Шаңырақ»
06.30 «Күй керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Қилы күндер»
11.20, 13.10, 21.25 Т/х«Құрсаудағы қыз»
13.30, 02.45 «Өмір көркем»
14.35«Отандық бренд»
14.50 «Ақорда»
15.15 «Апта»
16.05 Т/х«Сезім толқыны 2»
19.00 Құрсаудағы қыз
20.30,00.40 «Ашық алаң» ток-шоу
22.15 Телехикая «Бауырлар»
23.10 «1001 түн»
01.35 «Сана»
02.45 Өмір көркем

ХАБАР

05.00 «Мегахит»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бізге хабарласқан»
10.25 Мультфильм
11.50 Мультсериал
12.00, 20.00 Т/х«Алданған үміт»
14.00 Т/х «Бозторғай»
15.00 Т/х «Впереди день»
18.00 Новости
18.20 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Талқы»
21.45 Хабарлайк
22.30 «Жаңбырлы ғұмыр»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз!»
06.50 Т/х «Ене»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-4»
10.00, 22.45 Т/х «Ана бақыты»
12.00 «Кеш келген махаббат»
13.00, 23.45 Т/х «Кэ Бэк»
14.20 Өткінші жаңбыр
15.00 Сериал «Склифософ-ский»
16.00 Ради любви я все могу
20.00 «Астана таймс»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамада батл»
07.00,03.30 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.15 «Жить здорово»
11.10 «Давай поженимся!»
12.00 Домроботница
14.00, 01.45 Новости
14.15, 02.00 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.00 Басты жаңалықтар
19.00, 02.15 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Реализация»
00.20 Сериал «Знахарь»

КТК

07.05 «Дау-дамайсыз»
07.30 Т/х «Жан жылуы»
08.00, 02.50 Т/х «Бақытты аңсағандар»
11.10, 01.20 «Юморина»
12.40 Мелодрама «Бриллианто-вое сердце»
15.00 Т/х «Қыл үстіндегі тағдыр»
19.30,04.00 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Мелодрама «Маруся»
23.30 Остросюж.детектив «Хо-лодные берега»
01.20 «Было дело»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ділмар»
11.40 «Домбыра»
12.00 «Бүгін»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Мақсатына жеткендер»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20 «Әсем әуен»
15.00 К/ф «Бақытыңды аяла»
17.00 «Дала үні»
18.00 «Жер жәннаты - Жетісу» концерті
19.00 «Менің арманым»
19.30 Наурыз-думан
20.00 «Айттым сәлем сағынып» концерті
20.30 Арнайы шығарылым
21.00 «Айттым сәлем сағынып» концерті
21.30 Специальный выпуск
22.00 К/ф «О, Ләйлә»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
07.00 «Күліп ал»
08.00, 23.10 Т/х «Чукур»
09.00, 01.40 «Тайм вайн»
09.30, 02.20 «Tik-Tok» шоу
10.00 Т/х «Пиноккио»
11.20, 12.30 Мультсериал
11.40 ИП Ман
14.20 Кино ИП Ман 2
15.00 Кодекс Киллера
17.10 Кино
20.00 Информбюро
21.00 Кино «Снайпер»
00.10 «31 әзіл»
03.00, 04.30 Ватсап
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 01.00 Т/х «Ұлы дала жаңұясы»
07.30 «Айна онлайн»
08.30, 02.00 Т/х «Ата ана бала шаға»
09.20, 17.40 Сериал «Любимые дети»
11.20 Х/ф Гламур для дур
14.40 Т/х 12 күн
15.00 Т/х «О махаббат»
16.00, 22.50 Т/х «Шабдалы 18»
17.10 «Жұлдызды шаңырақта»
17.40 Возвращение
19.40 Сериал
21.40 «Сериал Гости из про-шлого»
22.20 Т/х «Махаббат қызық хикая»
00.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
02.40 «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Жұма - Пятница, 22 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.10 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30 «ДОС-МҰҚАСАН»
08.45 «Төрлет, Наурыз!»
11.45 «Ұлыстың ұлы күні»
14.15,19.50 «Жар-жар»
15.35 «Отандастар»
16.25 «Қоңыр күзім»
18.00 Телехикая «Құрсаудағы қыз»
21.30 Телехикая «Бүркітші қыз»
00.30 Телехикая «DINA. КҮЙ ҚҰДІРЕТ»
02.30 «Көңіл толқыны»
03.30 «Отандастар»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Х/ф «Наурыз нақыштары»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Айналдым, елім»
12.00 Кино «Келінжан-2»
14.00 «Бірақ...»
15.00Т/х «Күләш»
18.00 Кино «ДОС-МҰҚАСАН»
20.30 «Келінжаннан ұят бол-масын»
23.15 Концерт «Наурыз-думан»
00.30 Сборник. «Наурыз»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз»
07.15 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «ОСМАН-4»
10.00, 21.55 «АНА БАҚЫТЫ» үнді телехикаясы
10.55,22.45 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
11.20 «Қоғам назарында»
11.35 «Наурыз-думан»
13.20,00.50 «Алтыбақан»
14.20 «Наурыз.Арнайы репор-таждар циклі»
15.00 Х/ф «Бизнес по-Казахски в Индии»
16.45 Х/ф «Бизнес по-Казахски в Турции»
18.50 «Шымкент-шоу»
23.10 «Операция «Алтын адам»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
07.20 «П@утина»
08.20 «DASTARXAH»
09.35 «Три богатыря.На даль-них берегах»
11.00 Сериал «Наследница поневоле»
14.30 «QOSLIKE»
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KOREMIZ»
20.00 «Главные новости»
20.30 «Парламент ONLINE»
20.50 «Поле чудес»
22.00 «Адмиралы района-2»
01.45 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
02.15 «KOREMIZ»
03.00 «П@YTINA»
03.45 «Той базар»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «Мерекелік концерт»
07.50 «Ән мен әнші»
10.00 «Астана непростая история»
11.20 «Врачебная ошибка»
15.20 «Қоштасқым келмейді»
18.10 «Ән мен әнші»
21.00 «Маруся»
01.00 «Врачебная ошибка»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 Мерекелік бағдарлама / тікелей эфир/
10.00 Арнайы шығарылым
10.30 Специальный выпуск
11.00 «Дала үні»
12.00 Мерекелік бағдарлама / тікелей эфир/
15.10 Дәстүрлі ән-думан
16.30 «Ел іші - өнер кеніші»
17.00 «Шашу»
17.50 «Әсем әуен»
18.00 Наурыз тойы
18.30 М/ф «Қажымұқан»
19.00 «Әндер мен жылдар»
20.30 Арнайы шығарылым
21.00 «Сағындырған әндер-ай»
21.30 Специальный выпуск
22.00 «Менің балалық шағым»
22.40 «Сағындырған әндер-ай»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
07.00 М/с «Маша и медведь»
08.00 TikTok show
08.30 Time Vine
09.00 «Женатики в Наурыз»
10.00 «Алдараспан»
12.00 А/ф «Ледниковый пери-од-3»
14.00 А/ф «История игрушек»
15.50 Кино «Бизнес по-Казахски в Турции»
17.50 Кино «Пираты карибского моря. Сундук мертвеца»
21.10 Кино «Пираты карибского моря. На краю света»
00.50 КИНО «Живое»
02.20TikTok show
03.00 What 's up?
03.30 Әзіл студио
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What 's up?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Құтты қонақ»
07.30,02.40 «Айнаонлайн»
08.00,00.50 Телехикая «Тек қана қыздар»
09.10 Сериал «Контейнер»
11.20 Сериал «Ловец снов»
13.30 Телехикая «Махаббат,қызық хикая»
14.30 Т/х «Наурызда бастық боламын»
15.40 К/ф «Донор»
18.00 Спецпроект к празднику Наурыз
20.30 Сериал «Чужие дети»
01.50 «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Сенбі - Суббота, 23 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.55 Әнұран
06.05,03.25 «Күй-керуен»
06.45,01.00 «Ұлыстың Ұлы күні»
09.10 «Отандастар»
10.00, 18.00 «Құрсаудағы қыз»
12.00 «Көзің әдемі» концерт
14.15 Т/х «Жар-жар»
16.00 «Ән мен әнші»
20.00 «Егіз лебіз»
22.15 «Бауырлар»
23.10 «Жарқын жүздесу»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Телехикая «ҮКІМ»
08.00 Концерт «Алашұлы»
10.00 Кино «ДОС-МҰҚАСАН»
12.30 «Келінжаннан ұят бол-масын»
14.00 «XXI ғасыр көшбасшысы»
15.00 «Алғашқы»
16.00 Телехикая «КЕЛІНЖАН-4»
17.45 «Қызық times»
19.00 «Бес жұлдыз»
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн» сараптамалық
21.40 Х/ф «Донор»
22.40 Х/ф «Вечность между нами»
23.40 «Әсем әндер»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз»
07.15 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «ОСМАН-4»
10.00, 21.55 «АНА БАҚЫТЫ» үнді телехикаясы
11.00,22.45 «Қорғаушы ханым»
11.30 «Алдараспан»
13.35 «Алтыбақан»
14.40 «Наурыз ай туғанда» концерт
17.10 Х/ф «Моя» болшьшая Казахская свадба»
19.10 «ЗУ-ЗУ КҮЛПӘШ»
23.15 Худ. фильм «Бизнес по-Казахски в Индии»
00.50 «Жұлдызбысың?»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
08.15 «П@утина»
09.00 «Коты эрмитажа»
10.20 Сериал «Тамарка»
14.50 Сериал «Сводные судьбы»
18.30 «АЙНА»
19.00 Х/ф «Мистер нокаут»
21.00 Сериал «Доктор Иванов. Родная кровь»
00.25 «По-Мужски»
02.30 «Айна»
03.00 «П@утина»
03.45 «Той базар»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «Ән мен әнші»
09.50 «Вакцина от коррупции»
11.30 Х/ф «Маруся»
15.20 «ZERO»
17.10 «Әнім сен едің»
18.10 «Ән мен әнші»
21.00 «Мать за сына»
00.50 «Күшік құда»
02.40 «ZERO»
04.05 «Мерекелік концерт»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 Мерекелік бағдарлама
10.00 Арнайы шығарылым
10.30 Специальный выпуск
11.00 Мерекелік бағдарлама
14.00 «Шашу»
14.45 «Ел мен жер»
15.15 «Менің балалық шағым»
16.00 М.Егінбаевтың концерті
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісу жауһарлары»
18.00 «Жас тілші»
18.30 «Өмірлік бағдар»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 «Олжа»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 КР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
06.40 Кино «Лорд Дракон»
09.00 «Женатики в Наурыз»
10.00 Алдараспан
12.30 М/ф «История игрушек»
14.20 «Бизнес по-Казахски в Турции»
16.20 «Бизнес по-Казахски в Индии»
18.30 Кино «Пираты карибско-го моря. На краю света»
22.10 КИНО «Пираты ка-рибского моря. На странных берегах»
01.00 «Біздің шоу»
02.30 Time Vine
03.00 What's up?
03.30 Әзіл студио
04.00 1001 Әзіл
04.10 BALA BATTLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Айнаonline»
07.30 Т/х «Наурызда бастық боламын»
09.40 «Юмор! Юмор! Юмор!!!»
12.10 Сериал «Репейник»
16.00 «Жұлдызды шаңырақта»
17.00 Концерт «Өмірім-өнерім,өнерім-өрісім»
20.20 Сериал «Маршуты любви»
00.20 К/ф «Күшік құда кварти-ранты»
02.10 «Келесі кім?»
03.00 «Жеңіп көр»
04.30 «Япырай»

Жексенбі - Воскресенье, 24 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.50 Әнұран
06.05,01.55 «Шаңырақ»
06.40,03.10 «Күміс көмей»
07.25,02.25 «Зинһар»
08.15 «Ұлыс оң болсын!»
10.00,18.00 Телехикая «Құрсаудағы қыз»
12.00 «Егіз лебіз»
14.30 «МузАрт»
17.00 «ОТАНДЫҚ BRAND»
17.20 «Төрлет, Наурыз!»
19.50 М/ф «Арыстан патша»
21.10 М/ф «Арыстан патша-2: Симбаның мақтанышы»
22.20 Телехикая «БАУЫРЛАР»
23.20 «Әзіл әлемі»
00.00 «Қазақстан дауысы»

ХАБАР

05.00 Телехикая «ҮКІМ»
08.00 Концерт «Жұмыр жердің жұмағы»
09.30 «Өз елім»
10.00 Худ.фильм «Донор»
12.00 М/ф «Форсажики»
13.30 «Артур и Минипуты»
14.00 «Әсем әндер»
14.45 «Бес жұлдыз»
16.30 Телехикая «КЕЛІНЖАН-4»
18.15 «Алғашқы»
19.30 «Қызық times»
21.00 «7 күн» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы.
21.40 «Журналистік зерттеу бөлімі»
22.10 «Хитмэн»
00.10 «Әке бақыты»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз»
07.15 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «ОСМАН-4»
10.00, 21.55 «АНА БАҚЫТЫ»
11.00,22.45 «Қорғаушы ханым»
11.30 «Алтыбақан»
12.35 «ШЫМКЕНТ-ШОУ»
15.20 «ЗУ-ЗУ КҮЛПӘШ»
17.20 Худ. фильм «Операция «Алтын адам»
19.00 «МузАРТ»
23.15 Х/ф «Бизнес по-Казахски в Турции»
01.15 «Жігіттер»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
07.05«П@утина»
08.05 «Воскресные беседы»
08.20 «Барбоскины на даче»
09.45 «QAЙМАҚ»
10.20 Х/ф «На море!»
12.05 Сериал «Бесценная любовь»
16.15 «ӘГУГАЙ»
18.10 Х/ф «Красотка в ударе»
20.00 «АНАЛТИКА»
20.45 «Доктор Иванов. Удар»
00.10 «Антиснайпер. Новый уровень»
01.50 «ӘГУГАЙ»
03.20 «П@утина»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «Ән мен әнші»
08.35 «ЮМОРИНА»
10.55 «Мать за сына»
15.15 «Аталар сөзі»
17.00 «NURBULLN»
20.00 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!»
21.00 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»
22.00 «Формула счастья»
01.50 «ЮМОРИНА»
02.45 «Аталар сөзі»
03.30 «NURBULLN»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Апта /қаз/
10.00 Апта /рус/
11.00 М/ф «Көне құмыраның сыры»
12.00 «Жас тілші»
12.30 «Өмірлік бағдар»
13.00 «Ұлт ұяты»
13.40 «Шашу»
14.30 «Әсем әуен»
15.00 «Шаңырақ»
15.50 «Әндер мен жылдар»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Әсем әуен»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Сапарлайық»
20.30 «Ділмар»
21.10 «Әмиян»
21.30 «Ел іші - өнер кеніші»
22.00 «Шіркін-ай»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 «Маша и медведь»
08.00 TikTok шоу
08.30 Time Vine
09.00 «Женетики в Наурыз»
10.00 «TeleBingo»
10.25 «Шымкент шоу»
13.30 КИНО «Моя большая Казахская семья»
15.40 КИНО «Хроники нарнии. Лев,Колдунья и волшебный шкаф»
18.40 КИНО «Хроники нарнии. Принц каспиан»
21.40 КИНО «Неоспоримый-2»
23.40 «Өнерде 40 жыл»
02.20 «31 әзіл»
03.00 «Біздің шоу»
03.30 Time Vine
03.30 What's up?
04.00 1001 Әзіл
04.10 Ризамын
04.30 BalaFunny
05.00 What's up?
05.20 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.40 Концерт «Жұлдыздар шеруі»
09.00 «Юморина»
12.00 Сериал «Маршруты любви»
16.00 Х/ф «Многодедный»
17.30 Спецпроект к празднику Наурыз
19.40 Сериал «Тайна спящей дамы»
23.30 К/ф «Донор»
01.50 Келесі кім?
02.40 Жеңіп көр
04.10 Япырай

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТӘРБИЕ

АТА-АНАЛЫҚ МІНДЕТТІ МІНСІЗ АТҚАРСАҚ...

Әр шаңырақты әке, ана, бала құрайды. Қазақ халқы «Әке - асқар тау, ана - бауырындағы бұлақ, бала - жағасындағы құрақ» деп табиғаттың өзімен астастырып айтатыны сол себепті болар.

Отбасы – ұлттың да, мемлекеттің де тұтас қоғамның негізі. Ер адамның биік тұлғасын, әкенің – ана мен балаға пана, сүйеніш екенін халық даналығы бір ауыз сөзге түйіп қойған. Әкені асқар тауға теңейді. Қазіргі таңда, сотқа түсіп жатқан ажырасу туралы талап арыздар легінің, өз ұлтымыздың бұлағы болып саналатын аналарымыздың сотқа жүгінген талаптары санының көбейіп кетуі ұлды да, қызды да өзі асырап отырған жалғыз басты аналар қатарының артып кетуі осы құндылығымызды егемендік туын қолымызға алған кезде жоғалтып алған жоқпыз ба деген ойға жетелейді.

Тірі жүрген әкесі бола тұра жәутеңдеумен әкелік мейірімін көрмей өсіп келе жатқан бала анасының күні бойы жұмыстан қолы босамайтынын пайдаланып, әрине, өз бетінше көше кезіп, жертөлелерде ойына келгенін істеуге әдеттенетіні де құпия емес. Ендеше оның болашағы да жарқын бола бермеуі әбден мүмкін. Сондықтан барлығы да отбасындағы тәрбиеге келіп тірелетінін ешкім жоққа шығармайды.

Бұдан да сорақысы дүниеге сәби келген соң тұрмыстық жағдайда туындаған қиыншылықтарға төтеп бере алмаған әкелер оп-оңай ажырасып, басын босатып алуды да дағдыға айналдырған сияқты. Оның үстіне, туған балаларына алимент төлеуден жалтарып, түрлі сылтауларды алға тартып, балаларын шөміштен қағып жүрген әкелер аз емес екенін күнделікті сот процестері барысында байқап жүрміз. Осындай жауапсыз әкелерді сайып келгенде бәрібір алимент төлеуге мәжбүрлейтінін естен шығармағандары жөн. Ол ол ма егер балаларының алдында жауапкершілік міндеттерін орындаудан жалтаруы немесе ата-ана құқықтарын теріс пайдаланғаны үшін тіптен қатаң шаралар қолдану, соның ішінде ата-аналық құқынан айыру туралы заңда көзделгенін де еске сала кетсек артық болмас.

Ата-аналардың балаларды тәрбиелеу жөніндегі өз міндеттерін орындаудан жалтаруы олардың адамгершілік және дене бітімінің дамуына, оқуына, қоғамға пайдалы еңбекке дайындалуына қамқорлық жасамауы, алимент төлеуден қасақана жалтаруы. Мұндай жалтарудың жеке жағдайы өз баласын перзентханадан, не өзге де балалар тәрбиелеу, емдеу немесе басқа мекемелерден алудан дәлелді себептерсіз бас тарту болып саналады. Ата-ана құқықтарын теріс пайдалану деп бұл құқықтарды балалардың мүдделеріне нұқсан келтіре отырып пайдалануды түсіну керек. Мысалы, оқуға кедергі жасау, қайыршылыққа, ұрлыққа, жезөкшелікке, спирттік ішімдіктерді немесе есірткілерді және тағы басқа қолдануға көндіру. Айтайын деп отырған ойымыздың тобықтай түйініне тоқталсақ, ерлі-зайыптылар балалары алдында ата-аналық міндеттерін мүлтіксіз атқарса кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың саны да күрт қысқарары даусыз. Осыны әрбір отбасында мықтап есте сақтағандары абзал.

Айнар БАЙЖҰМАНОВ,
Жетісу облысының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы.

МАМАН МІНБЕРІ

ЕЛІМІЗДЕ 2004 ЖЫЛЫ ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БЕКІТІЛІП, 2006 ЖЫЛЫ АЛҒАШ РЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ ПОРТАЛЫ ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН.

АХАТ САЛАСЫ БОЙЫНША ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

Қазіргі уақытта Қазақстанда нормативтік-құқықтық базасы бар, әрбір азамат үшін электронды үкіметтің қолжетімді болуы қамтамасыз етілген. Қазақстандықтар арасында www.egov.kz порталдың танымалдығы жылдан жылға артып келеді, себебі ол мемлекеттік қызметтерді үйде отырып-ақ интернет, электронды терминалдар және мобильді қосымша арқылы алуға мүмкіндік береді. Электронды түрдегі қызметтердің қолжетімді болуы да азаматтарға электрондық цифрлық қолтаңбаны тегін ұсынудың арқасында мүмкін болды.

Бүгінгі таңда www.egov.kz порталында кез келген мемлекеттік қызметке қатысты қызықты ақпаратты және онлайн анықтама алуға қол жетімді. Сонымен қатар, процестерді үнемі жетілдіру және оңтайландыру жүреді. Осылайша, оңтайландыру бірнеше қызметтерді күрделі қызметтерге біріктіруге мүмкіндік берді. Мысалы, егер азамат бала туылған кезде оған үш рет қызмет көрсетуге өтініш беру қажет болды: баланың тууын тіркеу, содан кейін әлеуметтік жәрдемақы алуға өтініш беру және қайтадан баланы кезекке қою. Балабақша, қазір бұл қызметтердің барлығы «Баланың тууы» бір құрамдас қызметке біріктірілген, яғни бір қадамда адам бірден үш қызметті алады.

АХАТ қызметі бойынша ең танымал қызметтердің бірі - некені тіркеуге өтініш беру. Неке қиюды www.egov.kz порталы арқылы тіркеудің қолайлылығын жас жұбайлардың көпшілігі бағалады. Барлық жас жұбайлардың бір мезгілде тіркеуші органға келіп, некені тіркеуге өтініш беру мүмкіндігі бола бермейді. Жоспарланған үйлену күнінен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде онлайн өтінімді толтыру, мемлекеттік баж салығын төлеу – бұл өтініш берушілерден талап етілетін нәрсе. Сонымен бірге, АХАТ бөліміндегі www.egov.kz «электрондық үкімет» порталы арқылы азаматтар некені бұзуды тіркеу, қайтыс болуды тіркеу, атын өзгерту, қайталама анықтамалар мен анықтамалар беру сияқты қызметтерге жүгіне алады. Аталған мемлекеттік қызметтерді пайдалану әрбір адамның уақытын үнемдейді.

Әлия ӘМІРХАНОВА,
Жетісу облысы Әділет департаменті коммерциялық емес ұйымдары тіркеу және тіркеу саласындағы бақылау бөлімінің жетекші маманы.

МЕДИАЦИЯ

МЕДИАТОР - БЕЙТАРАП ТҰЛҒА

Халқымызда «Елдестірмек – елшіден, жауластырмақ – жаушыдан» деген нақыл сөз бар. Өйткені, бағзы заманда білікті де білімді билердің бір ауыз сөзбен айтқан кесіміне дауласушы тараптар келісіп, риза болып тарқасатынын да жақсы білеміз.

Қазіргі кездегі туындаған дау-дамайларды да сотқа жүгініп, ұзын сонар уақыт түпкілікті шешімге жете алмай жүрген азаматтардың да араларындағы даудың түйінін бітімгершілік жолмен тарқатуына да мол мүмкіндіктері бар екенін естеріне сала кеткіміз келеді. Бұл тұста билік айтып, арағайындылық жасайтын тұлға медиатор болып табылады.

«Медиация туралы» Заңының 13 бабына сәйкес, медиаторлар ұйымдары медиаторлардың бастамасы бойынша «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ұйымдық-құқықтық нысандарда құрылған коммерциялық емес, мемлекеттік емес, өзін-өзі қаржыландыратын және өзін-өзі басқаратын ұйым болып табылады.

Өмір болған соң қоғамда азаматтардың арасында сан түрлі келіспеушіліктер, даулы мәселелер туындамай тұрмайтыны ақиқат. Міне, сондай мәселелерді шешуде медиаторлардың қызметіне жүгіну өте тиімді. Өйткені медиация даулы мәселелерді шешуде әлемде өзін-өзі толық ақтаған процесс. Сондықтан да тұрғындардың қандай да бір азаматтық келіспеушіліктер туындай қалған жағдайда кәсіби медиаторлардың қызметіне жүгінгені абзал.

Мына бір мәселе де назар аударуға тұрарлық. Мәселен, заңдық анықтамаға жүгінсек, медиация кезінде үшінші, бейтарап жақ, яғни медиатор дауласушы тараптар арасында ерікті келісімнің түзілуіне түрткі бола отырып, дау-жанжалды шешуге жәрдемдеседі. Яғни азаматтар өзара туындаған дау-дамайларды іс сотқа жолданғанға дейін шеше алады. Медиатор араздасушы екі жақпен де жеке-жеке әңгімелесіп, ушыққан жағдайды реттеудің, сауықтырудың барынша әділетті, ұтымды амалдарын қолданады. Қандай да бір тарап ымыраға келуден бас тартса, медиатор бұл күрделі жағдайды өзінің парасат-пайымы мен біліктілігі арқасында шебер шешуге тырысады. Атап айтқанда, келіспеуші тұлға үшін істі бұлайша насырға шаптырудан гөрі өзара тиімді, татуласу келіссөзіне бару оңтайлы болатындай жағдай қалыптасуы тиіс. Қалай десек те, кәсіби медиаторлардың алдына қойған басты мақсаты - кез келген проблемалық мәселелерді сотқа жүгінусіз-ақ, дауласушы тараптардың барлығына бірдей көзқарас таныта отырып, екі тарапқа да тиімді жағдайда шешу. Істің осындай жолмен шешілуін даулы мәселені бейбіт жолмен, бітімгершілік жолмен шешу деуге де болады.

Дәурен БЕЛГІБАЕВ,
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданарлық сотының бас маманы.

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК САЯСАТТЫҢ МІНДЕТТЕРІНЕ ӘЙЕЛДЕР МЕН ЕРЛЕРДІҢ БИЛІК ҚҰРЫЛЫМДАРЫНА ТЕҢДЕЙ ҚАТЫСУҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУІ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІККЕ АРНАЛҒАН ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ, ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША ЖОҒАРЫЛАТУҒА ЖӘНЕ ӨЗ БИЗНЕСІН ДАМЫТУҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУІ ЖАТАДЫ.

ӘЙЕЛДЕР МӘСЕЛЕСІНЕ АЙРЫҚША НАЗАР АУДАРЫЛУДА

Бұл міндеттердің бәрі «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдігі туралы» Қазақстан Республикасының қабылдаған Заңында айқын көрсетілді. Онда ерлер мен әйелдердің мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлық саласындағы тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерін, Қазақстан Республикасының заңнамаларын жетілдіруді тұжырымдамаларды, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды қабылдау және іске асыруды қамсыздандыру мақсаттары белгіленді. Заңда белгіленген осы мақсаттар мен міндеттерді нақтылы іске асыру, біздің алға қойған міндеттерге аяқ басқандай және оларға қол жеткізгендей, механизмдер мен басты құралдарды іздеуге бағыт береді.

Отбасылық-тұрмыстық саладағы құқық бұзушылықтардың кері әсері, кез келген отбасылық қақтығыстың ең қауіпті қорытындысы оның балаларға келтірілетін кері әсері болып табылады. Отбасындағы зорлық зомбылық әрекеттер, берекесіздік жасөспірімдердің құндылықтық бағдарларының ығысуының басты себебі болып табылады, ата-аналардың тұрақты даулары, қол жұмсаулары, кәмелеттік жасқа толмаған бала мінезінде қатыгездік пен кектенуді қалыптастырады және олардың ары қарай заңға қайшы мінез-құлыққа тартылуының қоректендіруші ортасына айналады. Сондықтан бүгінгі таңда тұрмыстық құқық бұзушылыққа қойылатын талап, қабылданатын шаралар қатаңдатылып отырғанын да жақсы білеміз.

Сайып келгенде, гендерлік саясат стратегиясынан отбасындағы тепе-теңдік пен үйлесімділік, яғни гармония жоғалмайды. Осындай күрделі заманда қазақ қыздары өздерінің ұлттық ерекшеліктерін, табиғи нәзіктіктерін, ибалылықтарын сақтай отырып, адам іс-әрекеттерінің барлық түрлеріне араласып жетістікке жетсе, нұр үстіне нұр болар еді. Әйелдер ақыл-парасаты жағынан да, білімі, кәсіби шеберлігі мен қабілеті жағынан да ер адамдардан еш қалыспайды. Бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Қыз – келіншектердің еңбектегі және интеллектуалдық потенциалын билікте де пайдалану керек деп ойлаймын.

Самал ҚАЛИМОЛДИНОВА,
Талдықорған қалалық сотының судьясы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕЛ АУЗЫНАН

САРЫШУАШ ЖЫРАУ. ҚАБАНБАЙ БАТЫР, КӨЗЕЛІМ!

Қарақұланның Мұхаметшесі (Мұхаметжан) деген қария 1953 жылы бір кездескенімде: «Қарағым, бұрынғы даналар айтқан сөз еді, ата-бабаларымыз бізге жаттатты, енді сендер жазып алып сақтаңдар, түбі бір кәдеге жарар, «асыл пышақ қап түбінде жатпас» деген» деп бір тоқтап, одан әрі былай дегені есімде, – *«Қазақ-қалмақтың жаугершілігі заманында үйсінде Сарышуаш жырау деген көріпкел әулие өтіпті. Жақынды жақыным деп өзіне тартпайды екен, алысты алыссың деп бетінен қақпайды екен. Бидің әділіне көшіп отыратын қасиетін қадірлеген елі алдынан батасын алып тарасатын болған. Қабанбай батырдың науқасы сал тартып жатыр дегенді естіп, Сарышуаш шешен елінің игі жақсыларын ертіп, көңілін сұрауға барады. Сонда осы толғауды айтады»* деп әңгімелеп еді.

Сұңғыла қария 1964-1965 жылдары Жансүгіров селосында (Талдықорған облысы, Ақсу ауданы) 100 жасқа тақап барып дүние салды. Әңгімеге Бүркітбек, Бұқпантай деген ақсақалдар да қатысып, толғаудың кейбір тұстарын толықтырып отырып еді деп 1992 жылы «Қазақ әдебиеті» газетіне Әбдікәрім Хасенов тарих ғылымдарының кандидаты мәлімдеме берген. Өз басым сол кездерде Мұхаметше деген қарияның айтқандары елдің аузында жүргенін естігенмін. Осы Сарышуаш шешеннің толғауын ел жаңарып жатқанда жастарға жеткізсем деп редакциямызға арнайы келген Ақсу ауданының ардагері, күміс алқа иегері Нұршакен ДІЛДӘБЕКОВА осы жазбаны әкеліп, жариялауымызды өтінген еді. Материалды еш өзгертусіз оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

Уа, Қабанбай, көзелім,
Ескіден қалған көз едің.
Жақсы мен жайсаң жиналса,
Жылқыда қылаң, боз едің.
Батырлық, ерлік дегенде,
Жайылған жұртқа сөз едің.
Қайғы шеккен еліннің,
Жылағанын жұбатып,
Қисайған көшін түзедің.
Айтып, айтпай не керек,
Күндерден күн озғанда,
Жатырмысың, есіп ер,
Тәңіріден тілеп тез өлім.
Қабанбай науқас дегенде,
Үш күн, үш түн ұйықтамай,
Өртенді, күйіп өзегім.
Сонда-дағы жарқыным,
Құсырма жақты сарнатқан,
Айтсам ба деп келіп ем,
Көңілге демеу - сөз емін.
Дулатқа салдым бір хабар,
Албанға жетті бір шабар.
Үйсіннің жиып кісісін,
Арыздасып қалсам деп,
Арқаға тарттым бір сапар.
Ат жалын жартып мінгелі,
Жорықта талай жүрістім.
Қалмақтағы Қалден хан,
Қалден ханмен ұрыстың.
Ақиған, астам ноянын
Ағып өтіп құлаттың.
Солқылдаған мырзасын,
Соғып өтіп сұлаттың.
Ат шашадан қан ақты.
Қан шашырап таң атты.
Қанға ұйып, күн батты.
Жамандарға жан тәтті,
Сараң байға мал тәтті,
Үйінен шықпай бұғысты.
Зарпыңа шыдамай,
Телімі шығып, тентіреп,
Аңыраған көп қалмақ,
Жөңкенің арғы бетіне,
Ереннің күнгей шетіне,
Қонысын тастап, ығысты.

Қол ағасы ер Қабаң,
Құжынаған Қытайы,
Қаптап топан суындай,
Жердің жүзін басқанда,
Заман ақыр болды деп,
Жан-жағына алақтап,
Хан Абылай сасқанда,
Бастырман деп жерімді,
Бермеймін деп елімді,
Есенгелді, ер Шоңай,
Ат шапшытып аспанға,
Жекпе-жекке шақырып,
Айбат шегіп, ақырып,
Кес-кестеп алдын тосқанда,
Қой дегенге қоймаған,
Жау бетінде ойнаған,
Қанды балта Тауасар,
«Қаптағайлап» қасақайып,
Шөбіне шауып барғанда,
Жылан жеп, жуа сасыған,
Күш-қайраты тасыған,
Когүн деген бір заңғар,
Кезегіне алғанда...
Үркер мен айдай тоғысып,
Қылыш, найза қағысып,
Жекпе-жек ұрыс салғанда,
Бұдан да жан қалмас деп,
Қалың қазақ қайғырып,
Күдер үзіп қалғанда...
Батағөйі ер Таңат,
Төске шапқан өр Таңат,
Ат қоюға оқталып,
Сабыр ғып, тағы тоқталып,

Бір суырып қылышын,
Қынына қайта салғанда,
Қытай, қазақ демігіп,
Қараумен көзі талғанда,
Жасаған ием жар болып,
Қапысына келтіріп,
Ер Когүнді өлтіріп,
Тауасар сынды батырың,
Басын кесіп алғанда,
Матайдағы Майлыбай,
Қасқарауда Молдабай,
Дулаттағы ер Бөкей,
Тәттібай мен Олжабай,
Керейдегі ер Жабай.
Көкжарлы Барақ, Тұрсыметбай,
Көтеріліп көп қазақ,
Ата аруағын шақырып,
Айқай-сүрең салғанда,
Қаракерей Қабанбай,
Ту түбінде тұрғансың...
Қу дауысты Құттыбай,
Бұқар жырау, Сарышуаш,
Кеңесіне мойын бұрғансың,
Шамырқанып, шамданып,
Құбасқа қамшы ұрғансың.
Қалың тобын қақ жарып,
Дұшпанды қойдай қырғансың.
Зарпыңа шыдамай,
Телім боп кәпір жосқанда,
Батырдың қарты Бөгенбай,
Қайратқа қайрат қосқанда.

Өткен күнде белгі жоқ,
Көнелерге қанықтай,
Балаларға таныктай.
Сол ерлерді көргенмін,
Жазмыштан озмыш жоқ деген,
Салғанына тәңірінің
Әу бастан-ақ көнгенмін.
Арғы атасы Сейілхан,
Сейілханнан тараған,
Сегіз арыс түрікпен,
Қызылбастан қыз даулап,
Балқан таудың басынан,
Арлы-берлі үріккен.
Қабанбайлап шапқанға,
Кақ айрылып жол берген,
Қабанбайдан келдім дегенге,
Атынан түсіп қол берген,
Жиделі-Байсын жайлаған.
Келелеп түйе айдаған.
Тоқсан баулы өзбек-сарт.
Самарқаны сансыз бап,
Бұқара-Шәріп арасы,
Қабанбай десе тақ ұрған,
Найза ұстаған баласы.
Дұғасынан тастамай,
Бата оқыған бабасы!
Ер Қабанбай, көзелім,
Ескіден қалған көз едің.
Байсалменен ойласам,
Қайратыңа бақ тұрған,
Абылай сынды төреңіз,
Қасыңа әкеп тақ құрған -
Тоғыз таңба Найманнан,
Тоғыз құйрық ту алып,
Тоғыз түмен қол шықса,
Қол ағасы - Қабанбай!
Алты шекті Арғыннан!
Алты құйрық ту алып,
Алты түмен қол шықса,
Қол ағасы - Қабанбай!
Тоқсан баулы өзбек пен,
Қол құйрықты, қыл жалау
Қанды телпек, сексен шоқ,
Қалмаққа жорық - жол шықса.
Күн көзіне сыймаған,
Ай жүзінде айылын жимаған,
Алаштың ауыр қолына,
Ағалыққа ұнаған -
Дарабозым - Қабанбай!
Қарындасқа қайырым,
Ата-баба ісі еп,
Көтеріліп күллі Алаш
Ат құлағын теңесе,
Қаракерей Қабанбай,
Қол бастарлық кісі деп,
Өзіңді аға тұтынған,
Жұртыңа тіле амандық.

Уа, Қабанбай, көзелім,
Ескіден қалған көз едің!
Бұл науқастан сауықсаң, -
Еркелігін кешірген,
Ақ сүтін беріп өсірген, -
Қуанатын өз елің!
Бұл науқастан оңалмай,
Бақиға бет бұрсаң, -
Жау тиді десе жат алмай,
О шетіне бір шыққан,
Бұ шетіне бір шыққан,
Көкіректі кек кернеп,
Көз жасыңды мың сыққан -
Жылайтын тағы өз елің!
Ажалға берсін сабырлық,
Тәңіріден соны тіледім.
Айырылған соң тең-тұстан,
Мен қартыңда сән бар ма?!
Кеудеңнен ұшса шыбынын,
Денеде сасық мән бар ма?!
Қолымнан сусын ұсынып,
Басыңда өзім тұрайын,
Мінежат қып Құдайға,
Жаныңды қый деп сұрайын!

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗАКОН

ДОКАЗАТЕЛЬСТВА ПО УГОЛОВНОМУ ДЕЛУ

Доказательствами по уголовному делу являются законно полученные фактические данные, на основе которых в определенном настоящим Кодексом порядке орган дознания, дознаватель, следователь, прокурор, суд устанавливают наличие или отсутствие деяния, предусмотренного Уголовным кодексом Республики Казахстан, совершение или несовершение этого деяния подозреваемым, обвиняемым или подсудимым, его виновность либо невиновность, а также иные обстоятельства, имеющие значение для правильного разрешения дела.

Иными словами под доказательствами в уголовном судопроизводстве понимаются фактические данные об обстоятельствах, имеющих значение для правильного разрешения уголовного дела, полученные и зафиксированные в соответствии с уголовно-процессуальным законодательством. Фактические данные, имеющие значение для правильного разрешения уголовного дела, устанавливаются: показаниями подозреваемого, обвиняемого, потерпевшего, свидетеля, свидетеля имеющего право на защиту, эксперта, специалиста; заключением эксперта, специалиста; вещественными доказательствами; протоколами процессуальных действий и иными документами.

Фактические данные должны быть признаны не допустимыми в качестве доказательств, если они получены с нарушениями требований настоящего Кодекса, которые путем лишения или стеснения гарантированных законом прав участников процесса или нарушением иных правил уголовного процесса при досудебном расследовании или судебном разбирательстве дела повлияли или могли повлиять на достоверность полученных фактических данных.

Недопустимость использования фактических данных в качестве доказательств, а также возможность их ограниченного использования в уголовном процессе устанавливаются органом дознания, дознавателем, следователем, прокурором или судом по собственной инициативе или по ходатайству стороны. Орган дознания, дознаватель, следователь, прокурор или судья, решая вопрос о недопустимости доказательств, обязаны в каждом случае выяснить, в чем конкретно выразилось допущенное нарушение и принять мотивированное решение.

Айгуль КАСЕНОВА,
судья СМУС Алматинской области.

ПРОВЕДЕНИЕ КАМЕРАЛЬНОГО КОНТРОЛЯ

В СООТВЕТСТВИИ С ЗАКОНОМ РК «О ГОСУДАРСТВЕННОМ АУДИТЕ И ФИНАНСОВОМ КОНТРОЛЕ» КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НАДЕЛЕН КОМПЕТЕНЦИЕЙ ОСУЩЕСТВЛЯТЬ КАМЕРАЛЬНЫЙ КОНТРОЛЬ В ПОРЯДКЕ, ОПРЕДЕЛЕННОМ ЗАКОНОМ И ПРАВИЛАМИ ПРОВЕДЕНИЯ КАМЕРАЛЬНОГО КОНТРОЛЯ.

В соответствии с Законом камеральный контроль проводится уполномоченным органом по внутреннему государственному аудиту без посещения объекта государственного аудита в порядке, установленном Законом и правилами проведения камерального контроля, путем сопоставления сведений, полученных из различных источников информации, по деятельности объектов государственного аудита (п. 1 ст. 30 Закона).

В случае выявления нарушений по результатам камерального контроля уполномоченным органом по внутреннему государственному аудиту оформляется и направляется объектам государственного аудита уведомление об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля, с приложением подтверждающих материалов в срок не позднее пяти рабочих дней со дня выявления нарушений (п. 1 ст. 31 Закона).

Согласно п. 1 статьи 32 Закона, п. 16 Правил, неисполнение в установленный срок уведомления об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля, влечет приостановление расходных операций по кодам и счетам объектов государственного аудита, открытых в органах казначейства, банковским счетам (за исключением корреспондентских) объектов государственного аудита в соответствии с пунктом 1 статьи 32 Закона, а также административную ответственность должностных лиц в соответствии с законодательством Республики Казахстан об административных правонарушениях.

Таким образом, в случае неисполнения уведомления уполномоченным органом по внутреннему государственному аудиту выносится распоряжение о приостановлении расходных операций.

Действующим законодательством предусмотрена возможность обжаловать уведомления путем направления в Комитет мотивированного возражения и/или обращения непосредственно в суд о признании уведомления незаконным и его отмене.

Балжан КЫДЫРКОЖАНОВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания СМЭС Алматинской области

ТРИБУНА СПЕЦИАЛИСТА

СУДЕБНО-МЕДИЦИНСКАЯ ЭКСПЕРТИЗА ЖЕРТВ БЫТОВОГО НАСИЛИЯ

СЕМЬЯ – ЯЧЕЙКА ОБЩЕСТВА, ЕГО СТРУКТУРНАЯ ЕДИНИЦА. В НЕЙ ФОРМИРУЕТСЯ ЧЕЛОВЕК, ЕГО ДУХОВНЫЕ ЦЕННОСТИ, ВЗГЛЯДЫ, ПРИОБРЕТАЮТСЯ ОПРЕДЕЛЁННЫЕ НАВЫКИ. ВСЕ СОЮЗЫ ПРОХОДЯТ ОПРЕДЕЛЕННЫЕ ЭТАПЫ СВОЕГО СУЩЕСТВОВАНИЯ. В КАЖДОЙ СЕМЬЕ СКЛАДЫВАЮТСЯ ТЕ ИЛИ ИНЫЕ ВЗАИМООТНОШЕНИЯ, КОТОРЫЕ НАЗЫВАЮТСЯ - СЕМЕЙНО-БЫТОВЫЕ ОТНОШЕНИЯ. СОГЛАСНО ЗАКОНУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ОТ 4 ДЕКАБРЯ 2009 ГОДА № 214-IV «О ПРОФИЛАКТИКЕ БЫТОВОГО НАСИЛИЯ» — ЭТО ОТНОШЕНИЯ МЕЖДУ СУПРУГАМИ, БЫВШИМИ СУПРУГАМИ, ЛИЦАМИ, ПРОЖИВАЮЩИМИ ИЛИ ПРОЖИВАВШИМИ СОВМЕСТНО, БЛИЗКИМИ РОДСТВЕННИКАМИ, ЛИЦАМИ, ИМЕЮЩИМИ ОБЩЕГО РЕБЕНКА (ДЕТЕЙ).

Эмоциональная составляющая семьи – это чувства. В современных реалиях даже в семьях, где преобладают любовь и взаимопонимание, наступают моменты, когда начинают доминировать негативные эмоции – упреки, обиды, злость и прочее, что в нередких случаях перерастает в бытовое насилие — умышленное противоправное деяние (действие или бездействие) одного лица в сфере семейно-бытовых отношений в отношении другого (других), причиняющее или содержащее угрозу причинения физического и (или) психического страдания.

Согласно официальным данным, факты обращения граждан пострадавших от бытового насилия, за помощью в уполномоченные органы, ежегодно растет. К примеру, согласно уже имеющимся цифрам, в сравнении с 2022 годом в 2023 году, число таких обращений выросло почти в 6 раз. А цифровые показатели обращений на начальные месяцы текущего года, к сожалению, не демонстрируют спад в динамике относительно прошлых лет.

При обращении граждан за помощью в уполномоченные органы, в обязательном порядке выносится постановление либо определение о назначении судебно-медицинской экспертизы для освидетельствования живого лица. Данный вид экспертизы проводится в филиалах Института судебных экспертиз РГКП «ЦСЭ МЮ РК», для фиксации наличия телесных повреждений с составлением соответствующего заключения эксперта. Помимо этого, эксперт при составлении официального заключения отвечает на вопросы о расположении имевших место телесных повреждений, механизме и давности их образования.

Одними из проблемных вопросов, при прохождении гражданами судебно-медицинской экспертизы, является несвоевременное обращение и предоставление неполной информации относительно полученных телесных повреждений, что препятствует эксперту для дачи более полного заключения, а в дальнейшем сотрудникам правоохранительных органов для принятия объективного и обоснованного решения. В связи с этим, при направлении на прохождение экспертизы гражданам необходимо через 6-12 часов после момента получения травмы, удостоверившись в проявлении следов от полученных травм на теле, незамедлительно в течении рабочего дня, явится для прохождения экспертизы. Перед прохождением экспертизы необходимо удалить из поверхности кожи тональные и прочие маскирующие средства. Так же необходимо эксперту полноценно предоставить информацию о каждом из полученных повреждении (чем наносилось, сколько раз и т.д.). Эксперту обязательно нужно знать применялись ли вами какие-либо методы обезболивания и заживления повреждении, таких как к примеру: местное приложение холода, нанесение заживляющих средств как «Бадяга», «Гепариновая мазь» и прочие. При обращении за медицинской помощью до прохождения экспертизы, необходимо лицу назначившему экспертизу сообщить о данном факте, для включения имеющихся медицинских документов в постановление или определение, для того чтобы эксперт учел их данные при составлении заключения.

Следует иметь ввиду, что согласно ст.25. Гл.4 вышеуказанного Закона: «Сведения о личной и семейной жизни потерпевших являются конфиденциальной информацией и разглашению не подлежат. Разглашение конфиденциальной информации лицом, которому в силу служебного положения стал известен факт бытового насилия, влечет ответственность, установленную законами Республики Казахстан.»

Р. САПОРОВ,
судебно-медицинский эксперт филиала РГКП «ЦСЭ МЮ РК» ИСЭ по области Жетісу.

СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

ПОЗВОЛЯЕТ ВЫЛОЛНИТЬ СРАЗУ ТРИ ЗАДАЧИ

В современных условиях возрастает потребность в оперативном поиске и получении информации, требуется оптимизация и ускорение любых, в том числе судебных процедур, автоматизация бизнес-процессов.

Уникальность новой системы «Торелик» состоит в том, что она позволяет вести автоматизированный учет и контроль соблюдения сроков при регистрации, рассмотрении исковых заявлений (жалоб) и в целом за соблюдением всех процессуальных сроков.

Система осуществляет доступ ко всем необходимым в процессе отправления правосудия информационным базам государственных органов. «Торелик» позволяет выполнить сразу три задачи: эффективно организовать работу судей, облегчить и упростить доступ к судебной защите, обеспечить новые возможности для контроля и исключения человеческого фактора, в том числе любых не процессуальных контактов.

Использование информационно-коммуникационных технологий в судебной деятельности дает ряд огромных возможностей и преимуществ:

- освобождение судей и судебных работников от рутинного, непроизводительного и не требующего больших интеллектуальных затрат труда, ускорение «бизнес-процессов», формирование и использование больших по объемов и разнообразных по содержанию статистических и аналитических данных;

- повышение возможностей эффективного мониторинга и контроля за судопроизводством, как со стороны самого суда, так и со стороны общественности, что стимулирует объективное и беспристрастное отношение к организации;

- облегчение доступа к правосудию, сокращение судебных издержек и расходов на содержание судебной системы;

- повышение открытости правосудия за счет расширения доступа к актуализированной и полной судебной информации, обеспечение «обратной связи» судов с населением, что в конечном итоге влияет на степень доверия к судебной власти;

- обеспечение режима правовой определенности, через формирование и доступ к единообразной судебной практике по разрешению конкретных судебно-правовых споров, что непосредственно отражается на стабильности и предсказуемости правовых отношений.

Бұлбұл АСЫЛБЕКОВА,
главный специалист Талдыкорганского специализированного межрайонного суда по административным правонарушениям.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БИЛЬЯРД

ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ АШЫҚ ТУРНИР

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ БИЛЬЯРД СПОРТ ФЕДЕРАЦИЯСЫ 2016 ЖЫЛДЫҢ ҚАРАША АЙЫНДА ҚҰРЫЛДЫ. СОДАН БЕРІ БҰЛ ҰЙЫМ ЖЕТІСУ ӨҢІРІНДЕ ТҮРЛІ ДЕҢГЕЙДЕГІ ЖАРЫСТАРДЫ ӨТКІЗІП КЕЛЕДІ.

Жас ерекшеліктері бойынша спортшыларды бірнеше топқа бөліп, еліміздің әр облысында өтетін турнирлерге апарамыз. Мәселен, ардагерлер командасынан құрылған екі топ бар. Бірі 50 жастан 63-ке дейін, екіншісі 63-тен жоғары жастағы бильярдшылар. Бүгінгі таңда жастардан және әйелдерден құралған команда бар. Әйелдер командасы үшін жылына бір рет 8 наурыз мерекесіне орай ашық турнир ұйымдастырылады. Мұнан өзге республикалық деңгейдегі 50-ден, 63-тен жоғары жастағы бильярдшылар үшін өтетін жарыстарға қатысамыз. Соңғы бес жылдың қорытындысы бойынша Жетісу облысының бильярдшылар командасы республика көлемінде үшінші, ал облыс бойынша бірінші орында келеді.

Бильярд – физикалық күш-қуатты ғана емес, логикалық шеберлікті талап ететін интеллектуалдық ойын. Сондықтан, мұнда осал ойыншы болмайды деп айтар едім. Жоғарыда тілге тиек еткенімдей, жыл сайын түрлі жастағылар үшін жарыстар өткізіп тұрамыз. Мәселен, Талдықорған қалалық ардагерлер ұйымының демеушілігімен бірталай жарыс өтті. Мұның сыртында Республика көлемінде ұйымдастырылған жарыстарға командамыз қатысып келеді. Бұйырса, осы 16 күні Талдықорған қаласында халықаралық жарыс өтпекші. Бұл бильярдшылар үшін жаңадан ұйымдастырылатын шара десем болады. Бұған облыстық әкімдік демеушілік жасап, қолдау көрсетіп отыр. Жарысқа Қырғызстаннан екі команда, Өзбекстаннан бір команда, сонымен қатар Астана, Алматы, Тараз, Шымкент қалаларынан спортшылар қатысады деп көзделуде.

Сөз басында айтқандай, жыл сайын күнтізбелік жоспарға сай 8 наурыз мерекесіне орай әйелдер арасында ашық турнир өткізу дәстүрге айналған. Осыған сай қаламыздағы «Жастар» спорт сарайында арнайы жарыс өтті. Бұған 12 әйел қатысып, бақтарын сынады.

Биылғы жарысқа демеушілік көрсеткен Жетісу облыстық мәслихатының төрайымы Гүлнәр Тойлыбаеваға, Талдықорған қалалық әкімдігінің «Мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы Нариман Смағұловқа және Бұқаралық іс-шараларды өткізудің маманы Ақжол Жоламанұлына ерекше алғыс білдіремін.

Ашық турнир өте тартысты өтті. Жарыс нәтижесінде жүлделі бірінші орынды «Қазақтелекомның» бас маманы Әйгерім Баубекова иеленсе, екінші орынға «Вестник Жетісу» газетінің координаторы, бильярд спортынан спорт шеберіне кандидат Сәния Бүркебаева лайық деп табылса, үшінші орынды Ақмарал Абдуахитова алды.

Барлық жүлдегер арнайы диплом және ақшалай сыйлықпен марапатталды.

Тоқтар ЕСІМОВ,
Жетісу облысының бильярд спорт федерациясының президенті.

ЖЕКПЕ-ЖЕК

ЕУРАЗИЯ КІНДІГІНДЕ АЙҚАСАДЫ

4 МАМЫРДА РЕСЕЙДІҢ ЧЕЛЯБІ ҚАЛАСЫНДА АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕКТЕН RCC ТУРНИРІ ӨТЕДІ. СОЛ КЕШТІҢ БАСТЫ БӘСЕКЕСІНДЕ ЖЕРГІЛІКТІ СПОРТШЫ АЛЕКСАНДР «ШТОРМ» ШЛЕМЕНКО МЕН ҚУАТ «НАЙМАН» ХАМИТОВ КҮШ СЫНАСАДЫ. БҰҒАН ДЕЙІН БҰЛ АЙҚАС САНКТ-ПЕТЕРБУРГТЕ, ОДАН КЕЙІН МӘСКЕУДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ ДЕП ЖАРИЯЛАНҒАН ЕДІ. БІРАҚ ТҮРЛІ СЕБЕПТЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ОЛ КЕЙІНГЕ ШЕГЕРІЛДІ. МІНЕ, ЕНДІ АТАЛҒАН ЖЕКПЕ-ЖЕК ЕУРОПА МЕН АЗИЯНЫҢ ДӘЛ КІНДІГІНДЕ ОРНАЛАСҚАН ШАҺАРДА ӨТЕТІН БОЛЫП БЕЛГІЛЕНДІ.

Жасы 40-қа таяп қалса да, әлі де жастарды «жапырып» жүрген Александр Шлеменконың есімін естімеген жанкүйер жоқ-ау, сірә! Омбының тумасы спортттық мансабын 2004 жылы бастады. 20 жыл уақыт аралығында 78 рет айқас алаңына шығып, 62 мәрте мерейі үстем болды. 32 кездесуде қарсыласын есінен тандырды. 15 рет ұтылып, бір бәсекеде тең есеп тіркелді. Ресейдің жекпе-жек шеберлері арасында «Штормның» есімі даңқы жер жарған Федор «Соңғы император» Емельяненкомен қатар аталады.

Александр әр жылдары Венер «Башқұрт» Галиев, Роберт «Бубба» Мақдәниел, Брайан Роджерс, Витор Вианна, Майкел «Big Rig» Фалкан, Ясуби Энамото, Мелвин «Аяусыз» Манхуфф, Алекс «Ковбой» Оливейра және тағы басқа саңлақтарды сабады. Сондай-ақ Роналдо «Жакара» Соуза, Эктор Ломбард, Тито «Жаман жігіт» Ортис, Гегард «Ассаин» Мусаси және Магомед «Жыртқыш таз» Исмаиловқа есе жіберді. Әрине, ондай атақтары алысқа жайылған жампоздардан ұтылу Шлеменконың беделіне еш нұқсан келтірмегені анық.

Орта салмақтағы Омбының оғланы 2010 және 2011 жылдары Bellator промоушенінің Гран-при турнирінде екі рет топ жарды. 2013-2014 жылдар аралығында сол ұйымның чемпиондық атағын иеленді. Александр Шлеменко басқа да белді промоушендерде күш сынасып, талай рет алтын белбеуді беліне тақты.

Ал қазақтың ерке ұлы Қуат – ешкімнен қаймықпайтын нағыз жаужүректің өзі. Данияр Қасқарауов жетекшілік ететін «Алаш Прайд» клубында қанаттанған «Найманның» әмбебаптығы соншалық, ол октагонда төбелесіп қана қоймай, кино мен жарнамаға түседі, «разборкаларға» барады, ән салады, ара-тұра саясатқа да араласады. Қуаттың басқа да көпшілік біле бермейтін жақсы қырлары көп. Қашанда халықтың жоғын жоқтап, шындық үшін шырылдап жүретін қазақтың өр мінезді өрені бұл айқасқа «бес қаруын асынып» аттанатыны анық. Себебі Александр Шлеменконы ұту оңай болмайды. Челябідегі жекпе-жекте біз Хамитовқа сәттілік тілейміз.

АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК ӘЛЕМІНДЕ ЗОР БЕДЕЛІ БАР ҚАЗАҚСТАННЫҢ NAIZA ЖӘНЕ РЕСЕЙДІҢ FIGHT NIGHTS ПРОМОУШЕНДЕРІ 18 МАМЫРДА АЛМАТЫДА ДҮБІРЛІ ДОДА ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ КӨЗДЕП ОТЫР.

ҮШ БЕЛБЕУ САРАПҚА САЛЫНАДЫ



Аталған жарыста үш бірдей титулдық бәсекелер өтеді. Атап айтсақ, кештің басты жекпе-жегінде жерлесіміз Фаниль «Ноғай» Рафиков (22-7) пен әзербайжандық Нариман «Байрақтар» Аббасов (29-5) айқасады. Екеуінің де тәжірибелері әбден толысқан сақа спортшылар. Сәбит Жүсіпов (16-3) жартылай жеңіл салмақтағы Fight Nights нұсқасының чемпиондық атағын қорғап қалу үшін Каспий теңізінің арғы жағалауынан келген тағы бір файтер Магеррама Гасанзадемен (9-1) күш сынасады.

Ал Naiza промоушені алтын белбеуінің иегері дағыстандық Рамазан «Горец» Гасанов (10-0) пен отандасымыз Самандар «Астаналық гангстер» Рузматов (6-0) арасындағы айқаста анықталады.

Материалдар egemen.kz. сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ӨНЕР

«ТАРЛАН» БАЙҚАУЫНЫҢ жеңімпаздары марапатталды

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА АЛҒАШҚЫЛАРДЫҢ БІРІ БОЛЫП АШЫЛҒАН «МЕЙІРІМ» ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ БҮГІНДЕ 200-ДЕН АСА БАЛАНЫ ТҮРЛІ ӨНЕРГЕ БАУЛЫП КЕЛЕДІ.

Гүлмира Қуанышқызының басқаруымен жұмыс істеп келетін орталық төрт бағыт бойынша жұмыс істеуде. «Сурет», «Тоқыма», «Мүсіндеу», «Вокал», «Шешендік өнер», «Көркемсөз оқу», «Домбыра» үйірмесі бойынша балаларға тәлім беріп келетін орталықтың ұстаздары да өз ісін сүйетін нағыз мамандар.

Осы уақыт ішінде шығармашылық орталықтың ұйымдастыруымен бірнеше байқау өткізілді. Солардың бірі 1-25 ақпан аралығында онлайн түрде өткен «Тарлан» атты қалалық жас өнерпаздар арасындағы өнер байқауы.

«Тарлан» байқауының «Көркем сөз», «Қолөнер» номинациялары бойынша жеңімпаз атанған жас өнерпаздар 8 наурыз мерекесі қарсаңында арнайы марапатталды. Барлық жүлдегерге алғыс хат пен арнайы сыйлықтар табыс етілді.

Шара барысында сөз алған орталық директоры Гүлмира Қуанышқызы байқауда жеңімпаз атанған өрендерді жеңістерімен және мерекемен құттықтап, жылы лебізін жеткізді. Сонымен қатар байқудың өтуіне демеушілік көрсеткен Respublica партиясының Жетісу облыстық филиалының төрағасы Ришат Асқарбекұлына, ҚР орталық музейіне, Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейіне және де Janr әдеби клубының мүшесі, ақын Азамат Нұрмұханға шынайы алғысын білдірді.

С. ҚАСЫМБЕККЫЗЫ.

ТӘМСІЛ

Бақытты болу оңай ма?

Жігітке:
– Бақытты болу оңай ма? – депті қарт.
– Ата, жары жақсы болса, бақыты жанында, – депті жігіт.
– Жоқ, балам, ақыл басында болса, бақыт жаныңда болады. Есіңде болсын, ақылды жанның бақыты алдында, ақылсыздың бақыты алыста. Жігіттің бақытты болуы ақылдылығында. Ақыл – адамды азаптан да, мазақтан да құтқарады. Өмірде шын бақытты боламын десең, ақылдылықты үйрен, не ақылды қызға үйлен, – депті қарт.

Дос табу оңай ма?

Жігітке:
– Дос табу оңай ма? – депті қарт.
– Ата, дос табу ақылдыға оңай, ақымаққа қиын, – депті жігіт.
– Жоқ, балам, өмірде дос табу ақылдыға қиын, ақымаққа оңай. Ақылдының досы аз, қасы көп, ақымақтың досы көп болғанмен, жақсылары жоқ. Жақсылығы жоқ достың қастығы аяқ астында жатады. Ақылды өзіне тең дос іздейді, ақымақ өзіне тең досты іздемей-ақ табады.
Есіңде болсын, досың ақылды болса, өзің дана боласың, досың бала болса, өзің шала боласың. Өмірде ақылды дос табу қиын, сүйікті жар табу қиын, жақсының көнілін табу қиын, – депті қарт.

Тексізге кім жатады?

Жігітке:
–Тексізге кім жатады? – депті қарт.
– Ата, жеті атасын білмеген тексізге жатады, – депті.
– Жоқ, балам, жеті атасын өзі білмесе де өзге білер. Атасыз – бала
жетілмейді. Жеті атасын білмеген баланың әкесі надан. Есіңде болсын, жаманның тілін сұрама, атасын сұра, ханның тегін сұрама, халқын сұра. Ақылды ханда тек болса да, кек болмайды. Жеті атасын білмеген жетім ұлға тең. Жетесіз жанға жеті атасын үйрету қиын.
Жетесізге жетім бала да ермейді. Ұлыңа жеті жасқа келгенше жеті атаңды үйрет, – депті қарт.

Достықты нығайтатын не?

Жігітке:
– Достықты нығайтатын не? – депті қарт.
– Ата, достық пен жолдастықты ынтымақ, бірлік, теңдік, туыстық, бауырмалдық нығайтады, – депті жігіт.
– Дұрыс, балам, сенің айтқаның достық пен жолдастықты дамытады. Есіңде болсын, шын достық ақылдыға тән екенін ұмытпа. Өмірде дос болуды ойласаң, «Саламатсыз ба, кешіріңіз, рахмет, сау болыңыз, сәлем айтыңыз» деген бес сөзді шын көңілмен айтуды үйрен. Сәлемдесуді білген кешіре де біледі, кешіре білген рахметін де айта біледі.
Жөн сөз – көңіліңді өсіреді, жөнсіз сөз – өміріңді өшіреді. Достықты көңіл нығайтады, өмір ұзартады – депті қарт.

Өмірде кім жетім?

Жігітке:
– Өмірде кім жетім? – депті қарт.
– Ата, ата-анасы жоқ бала жетім, – депті жігіт.
– Дұрыс, балам, өмірде ата-анасы жоқ бала тірі жетім. Есіңде болсын, жетімдікті көп көрген, жеңіске тез жете алмайды. Өмірде тоғыз жетім бар екенін ұмытпа. Халқына сенімсіз болса – хан жетім, ханы ақылсыз болса – халқы жетім, кеңесшісі ақылсыз болса – әкім жетім, қараусыз қалса – үй жетім, суы жоқ – құдық жетім, ұлы жоқ – әке жетім, қызы жетесіз болса – ана жетім, досы жоқ – жігіт жетім, шәкіртсіз – ұстаз жетім. Өмірде жетім болсаң, есірме. Ақылды жетім – кеңесуге құмар, ақылсыз жетім — егесуге құмар. Егескен ел болмайды, – депті қарт.

Үйде кім, елде кім қадірлі?

Жігітке:
– Үйде кім, елде кім қадірлі? – депті қарт.
– Ата, үйде ана, елде бастық қадірлі – депті жігіт.
– Жоқ, балам, үйде қонақ, қарт, бала қадірлі. Елде хан, әкім, ұстаз қадірлі. Қонақты қадірлеуді қазақ халқы жақсы біледі, қартты қадірлеуді бәрі біледі. Бала – үйдің патшасы. Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар.
Қарт – үйдің тұлғасы, хан – елдің тұлғасы. Хан мен әкімге ел қарайды. Хан – әділ болса, елдің бағы жанады, әділетсіз болса елдің бағы таяды, – депті қарт.

ДЕНСАУЛЫҚ

ҚАНТ ҚОСЫЛҒАН ШАЙДЫ КҮНДЕ ІШСЕҢІЗ НЕ БОЛАДЫ?

Шай – әлемде кең тараған сусындардың бірі. Оған қант қосса, ол ерекше дәмге және ииске ие болады. Алайда қант қосылған шайды күнде ішсе не болады?

*Шайға қант қосу уақытша энергияның артуына әкеледі. Оған қандағы глюкоза деңгейінің көбеюі әсер етеді. Бұл зейін қоюды жақсартуға көмектеседі, бірақ ол тек қысқа уақытқа ғана сондай әсер береді.

*Күнде қант қосылған шай ішу артық салмақ қосып алу қаупімен байланысты болуы мүмкін. Ыстық немесе суық сусынға қосылған қант оның калориясын арттырады. Ал артық калорияны жүйелі түрде тұтыну майдың жиналуына әкеледі.

*Қант – тісжегінің және басқа да проблемалардың дамуына әкелетін қауіпті фактор. Қант қосылған шайды күнде ішсеңіз, осы қауіптің артуына әкелуі мүмкін. Себебі қант ауыз қуысындағы бактерияларға арналған тағам болып келеді.

*Қантты үнемі пайдалану қант диабеті мен инсулинге төзімділік қаупін арттыруы мүмкін. Себебі қанттың көп мөлшері қандағы қант деңгейін реттеуді бұзады.

*Қант тәуелділік тудырады. Себебі ол адамға қанағаттану және қуаныш сезімін сыйлайды. Сондықтан қанты бар шайды күнде ішкіңіз келіп, ол әдетіңізге айналады.

*Қантты тұтынудың тәуліктің нормасы адамның жалпы энергетикалық тұтынуының 10 пайызынан аспауы керек. Бұл бөлікті 5 пайызға дейін қысқартқан жақсы, ол шамамен күніне 25 грамм қантты құрайды.

Материалдар massaget.kz сайтынан алынды

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Зарина БЫЖЫБЕК – тілші
Гүлнұр БАЙМҰХАН – тілші

Кезекші редактор: З. БЫЖЫБЕК.

Алатау
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.
Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.
Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.
Таралымы 2700
Тапсырыс № 317
Индекс 15534